

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы  
мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

Государственные нормативы в области архитектуры,  
градостроительства и строительства  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ҚҰРЫЛЫС ҰЙЫМЫНДА АҚПАРАТТЫҚ  
МОДЕЛЬДЕУДІ ҚОЛДАНУ**

---

**ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННОГО  
МОДЕЛИРОВАНИЯ В СТРОИТЕЛЬНОЙ  
ОРГАНИЗАЦИИ**

**ҚР ҚЖ 1.02-120-2019  
СП РК 1.02-120-2019**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму  
министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства  
Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики  
Казахстан

Нұр-Сұлтан 2019

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамы
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 29 қарашадағы №196-НҚ бұйрығымен

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 4 РАЗРАБОТАН:** Акционерное общество «Казахский научно-исследовательский и проектный институт строительства и архитектуры»
- 5 ПРЕДСТАВЛЕН:** Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан
- 6 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 29 ноября 2019 года №196-НҚ

Осы мемлекеттік нормативті уәкілетті органның ведомствосы рұқсатсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения ведомства уполномоченного органа в области архитектуры, градостроительства и строительства.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	2
4 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....	5
5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	5
6 ҚОАМТ БОЙЫНША ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ .....	6
6.1 ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАР .....	6
6.2 ЖАЛПЫ ДЕРЕКТЕР ОРТАСЫ(CDE).....	7
6.3 ҚҰРЫЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ .....	7
6.4 ҚҰРЫЛЫСТЫ МОНИТОРИНГЛЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ.....	8
6.5 ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ.....	10
7 АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ .....	10
8 ҚҰРЫЛЫС САТЫСЫНДА АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ .....	11
9 ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	12
10 ҚҰРЫЛЫС ОБЪЕКТІСІНІҢ АТҚАРУШЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ МОДЕЛІ (AS-BUILT MODEL) .....	12
11 ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ .....	13
А ҚОСЫМШАСЫ ( <i>анықтамалық</i> ) Құрылыс объектісінің өмірлік циклі сатыларында ҚОАМТ қолдану салалары.....	14
Б ҚОСЫМШАСЫ ( <i>анықтамалық</i> ) Ақпаратты басқару бойынша жауапкершілік матрицасының үлгісі (мысалы).....	22
БИБЛИОГРАФИЯ .....	27

## КІРІСПЕ

Құрылыс объектілерін ақпараттық модельдеу технологиясын қолдану кезінде инвестициялық құрылыс жобаларын іске асыру мақсаттарына қол жеткізу үшін құрылыс процесіне қатысушылар арасында тиімді өзара әрекеттесу маңызды болып табылады. Мұндай тәсілдің артықшылықтары өнімді коммуникация, ақпаратты қайта пайдалану және жинақтау, тиімді алмасу және шығындарды, қайшылықтарды іске асырмау тәуекелдерін немесе деректерді дұрыс түсіндірмеу тәуекелдерін барынша азайту болып табылады.

Осы қағидалар жинағының ережелері ғылым мен жаңа технологиялардың жетістіктерін, сонымен қатар ұлттық және халықаралық стандарттарда ұсынылған құрылыс объектілерін ақпараттық модельдеу технологиясын қолдана отырып, жобалау, салу және пайдалану саласындағы экономикалық дамыған елдердің озық тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілері негізінде жасалды. Қағидалардың осы жинағы пәнаралық жобаларда деректермен тиімді алмасуды және ақпарат алмасуды қамтамасыз ете отырып, үйлестірілген және дәйекті тәсіл арқылы жоба өндірісін барынша арттыруға арналған.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ҚҰРЫЛЫС ҰЙЫМЫНДА АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛЬДЕУДІ ҚОЛДАНУ**

**ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ В  
СТРОИТЕЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ**

---

Енгізілген күні – 2019-11-29

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Қағиданың осы жинағы құрылыс ұйымының өндірістік қызметінде ҚОАМТ-н енгізу мен пайдалануға байланысты ішкі процестерді ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдарды қамтиды.

1.2 Қағиданың осы жинағында баяндалған ұсынымдар, ҚОАМТ ортасында өзінің ішкі регламентін жасау, ақпаратты жасау және пайдалану үшін ішкі өндірістік процестерді ұйымдастыру кезінде, құрылыс ұйымдарына қолдау көрсетуге арналған.

1.3 Осы нормативтік құжат құрылыс ұйымының ҚОАМТ бойынша ішкі стандартын әзірлеу жөніндегі ұсынымдарды, сонымен қатар құрылыс сатысында ақпаратты басқару процестері туралы ақпаратты қамтиды.

1.4 Осы қағидалар жинағы, құрылыс объектілерін, оларды құру кезеңінде (құрылыс кезеңінде), ақпараттық модельдеу технологиясын пайдалана отырып, құрылыс жобаларын мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен іске асыру процесіне қатысушыларға арналған.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы мемлекеттік нормативті қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңы

Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы

Құрылыс саласындағы құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 750 бұйрығы

Мемлекеттік нормативтерді әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолданысқа енгізу (қолданылуын тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 890 бұйрығы

## ҚР ҚЖ 1.02-120-2019

ҚР ЕЖ 1.01-101-2014 Құрылыстық терминология

ҚР ЕЖ 1.01-102-2014 Құрылыстық терминология. Құрылыс технологиясы және ұйымдастыру

ҚР ҚН 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындарды, ғимараттарды және құрылыс салуды ұйымдастыру

ҚР СТ ISO 55000-2016 Активтерді басқару. Шолу, принциптер және терминдер

ҚР ҚЖ 1.02-115 2018 құрылыс туралы ақпаратты бірлесіп жасауды ұйымдастыру қағидалары. Жалпы деректер ортасы

ҚР ҚЖ 1.02-112-2018 Құрылыс объектілерінің өмірлік циклі. 1-бөлім. Жалпы ұғымдар

ҚР ҚЖ 1.02-113-2018 Құрылыс объектілерінің өмірлік циклі. 2-бөлім. Құрылысты жобалау алдында дайындау сатысында ақпараттық модельдерге қойылатын талаптар

ҚР ҚЖ 1.02-114 -2018 Құрылыс объектілерінің өмірлік циклі 3-бөлім. Құрылысты жобалық дайындау сатысында ақпараттық модельдерге қойылатын талаптар

Ескерту – Қағиданың осы жинағын пайдалану кезінде «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі», «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың көрсеткіштері» және «Мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіштері» ақпараттық көрсеткіштері бойынша сілтемелік стандарттардың қолданылуын тексеру ұсынылады. Егер сілтеме құжаты ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстыратын (өзгертілген) нормативті басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжаты ауыстырылмаған болса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы қағидалар жинағында тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

**3.1 Актив (asset):** Ұйым үшін әлеуетті немесе нақты құндылығы бар сәйкестендірілетін керек-жарақ, зат немесе объект.

Ескертпе

1 ҚР СТ ISO 55000-2016 сәйкес.

2 Осы қағидалар жинағында оларға қатысты технологиялық және инженерлік жабдығы бар құрылыстардың барлық түрлерін қоса алғанда, құрылыс объектісі (жылжымайтын мүлік) түріндегі физикалық актив ретінде қаралады.

**3.2 Атрибут/атрибуттық ақпарат:** модельдеу объектісі туралы ақпарат немесе мәтін, бейнелер немесе сілтемелер түрінде электрондық модельдерде ұсынылған модельдеу объектісімен байланысты ақпарат.

**3.3 Құрылыс объектісінің өмірлік циклі (life cycle):** оның құрылуын, пайдалануын және айтарлықтай аяқталуын қоса алғанда құрылыс объектісінің өмір сүруінің жүйелі және өзара байланысты кезеңдері.

**3.4 Мүдделі тарап (stakeholder):** Қызмет немесе жоба қорытындысының шешімдеріне әсер ететін, әсеріне ұшырайтын немесе әсеріне ұшырауы мүмкін тұлға немесе топ адамдары немесе ұйым.

Ескертпе – Мүдделі тараптар жоба тобының барлық қатысушыларынан, сондай-ақ бас мердігерге қатысты ішкі де, сыртқы барлық мүдделі субъектілерден, падалун қызмет субъектілерінен және құрылыс объектілерін пайдаланушылардан құралады.

**3.5 Тапсырыс беруші (appointing party):** ғимараттар мен құрылыстарды өздерінің немесе мемлекеттік қажеттіліктері үшін немесе коммерциялық мақсаттар үшін салу үшін инвестордың (немесе инвестордың) өзі уәкілеттік берген жеке немесе заңды тұлға.

**3.6 Ақпараттық модель (information model):** құрылымдалған және құрылымдалмаған ақпараттық контейнерлер жиынтығы. Құрылымдық ақпараты бар ақпараттық контейнерлер графикалық модельдерді, ерекшеліктерді/кестелерді, деректер базаларын қамтиды. Құрылымдалмаған ақпараты бар ақпараттық контейнерлерге құжаттама, ілеспе материалдар/деректер (бейне, аудиоматериалдар) кіреді.

**3.7 Активті ақпараттық моделі (asset information model, AIM):** активті пайдалану кезеңіндегі ақпараттық модель.

**3.8 Жобаның ақпараттық моделі (project information model, PIM):** Құрылыс объектісін (активті) салу кезеңіндегі ақпараттық модель.

**3.9 Тапсырыс берушінің ақпараттық талаптары (exchange/employer's information requirements):** құрылыс объектісін салуға қажетті жеткізілетін ақпаратқа қойылатын талаптарды сипаттайтын мердігер шартына қосымша.

Ескертпе – Бұл қосымша қызмет көрсету шартының құрамына қосымша ретінде енгізілуі мүмкін.

**3.10 Ақпараттық контейнер (information container):** файл жүйесі немесе қосымшалар деректер қоры иерархиясында ұсынылған атаулы белгіленген деректер жиынтығы.

**3.11 Ақпарат (information):** ақпараттарды алмасу, түсіндіру немесе өңдеу үшін жарамды формаландырылған түрде деректерді қайтадан ұсыну.

**3.12 Орындаушы (appointed party):** жұмыстарды, тауарларды, қызметтерді жеткізуші.

**3.13 Қайшылықтар:** бөлімдердің (жүйелердің) ақпараттық модельдерінің элементтерін/объектілерін жоспарланбаған қиылысуы, сондай-ақ тікелей қиылысу немесе тигізбестен бір-біріне қатысты элементтердің сәйкес келмейтін орналасуы.

**3.14 Жоба командасы (project team):** тапсырыс беруші және барлық жұмыс топтары.

**3.15 Модельдеу:** мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, электрондық модель жасау.

**3.16 Модель:** Ақиқат өмірдегі құбылысты, объектіні немесе объектінің ерекшелігін жаңғыртатын/кескіндейтін болмыс.

Ескертпе – Модель ақиқат өмірде үлгіленетін объектінің нақты кескінін сақтайтын шамалас түсінік болып табылады және модельдеу объектісінің негізгі ерекшеліктерін, оның параметрлерін, әзірлеушімен белгіленген нақтылықпен ішкі және сыртқы байланысты сипаттайды. Ақиқат өмірдегі объектіні алмастыру және модельді зерттеу жолымен оның ерекшеліктерін зерделеу мақсатында қызмет етеді.

**3.17 Модельдеу объектісі:** Ақиқат өмірдегі құбылыс, объекті немесе объектінің ерекшелігі.

Ескертпе – Модельдеу объектісі қарапайым да (мысалы, ортаның әсері есебінсіз үлгіленген бұйым), күрделі де бола алады (мысалы, бұйымның бұйыммен, ортамен өзара әрекеттесуі және т.б.).

**3.18 Ғимарат пен ғимаратты жауапты пайдаланушы:** ғимараттар мен құрылыстардың техникалық жай-күйіне, техникалық қызмет көрсетуге және ағымдағы жөндеуге бақылау жүргізуге жауапты жеке немесе заңды тұлға (үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерін қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстардың меншік иелері, кондоминиум объектілерін және өнеркәсіптік және азаматтық мақсаттағы өзге де объектілерді басқаратын жеке және заңды тұлғалар).

Ескертпе – «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» Техникалық регламентіне сәйкес.

**3.19 Жұмыс тобы (delivery team):** бас мердігер және онымен тағайындалған орындаушылар.

**3.20 Жалпы деректердің ортасы (common data environment):** басқарылатын процестің көмегімен ақпараттық модель деректерін жинауға, басқаруға және таратуға бағытталған кез келген жеке алынған жобаға немесе активке арналған ақпараттың бірыңғай көзі.

**3.21 ҚОАМТ бойынша ұйым стандарты:** тиімді ортақ жұмысты, құрылыс объектілерінің әзірленетін ақпараттық модельдерінің сапасын және сандық деректердің функционалды үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін ұйыммен жобалауға немесе салуға немесе пайдалануға қажетті ақпараттық модельдеу процесінің барлық қатысушыларының өзара әрекет ету ережелерінің жиынтығы.

**3.22 Құрылыс объектілерін ақпараттық модельдеу технологиясы (ҚОАМТ, building information modeling ұқсас):** Оның өмірлік цикілінің барлық кезеңдеріне құрылыс объектісі туралы ақпаратты ұжымдық басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін технологиялардың, өндірістік процестердің және регламенттердің жиынтығы.

**3.23 Ұйымның басқару есебі үшін ақпаратқа қойылатын талаптар (OIR; organizational information requirements)** – ұйымның мақсаттарына байланысты ақпаратқа қойылатын талаптар.

**3.24 Актив бойынша ақпаратқа қойылатын талаптар (AIR; asset information requirements)** – құрылыс объектісін (активін) пайдалануға қатысты ақпаратқа қойылатын талаптар.

**3.25 Атрибуттық ақпарат деңгейі (level of information):** МО құрылыстық сипаттамаларына қажетті ақпарат көлемін мен егжей-тегжейлі нақтылауды анықтайтын талаптар жиынтығы.

**3.26 Геометриялық ақпарат деңгейі (level of detail):** МО геометриялық түсінігіне қажетті ақпарат көлемін мен егжей-тегжейлі нақтылауды анықтайтын талаптар жиынтығы.

**3.27 Ақпараттық қажеттілік деңгейі (level of information need):** қажетті ақпарат көлемін мен егжей-тегжейлі нақтылауды анықтайтын талаптар жиынтығы.

**3.28 Электрондық модель:** компьютерлік (есептеу) ортада орындалған модель.

**3.29 Құрылыс объектісінің электрондық моделі:** Модельдеу объектісі құрылыс объектісі болып табылатын электрондық модель.

**3.30 Құрылыс элементінің электрондық моделі:** Модельдеу объектісі құрылыс элементі болып табылатын электрондық модель.

**3.31 Электрондық-цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ):** Электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы.

**3.32 Электрондық құжат:** бағдарламалық-техникалық құралдармен электрондық тасымалдағышта орындалған құжат. Құжатта ұсынылған ақпарат электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылуы тиіс. Электрондық құжат екі бөліктен тұрады: мазмұнды бөлік және деректеме бөлігі.

**3.33 Электрондық құжат айналымы:** Мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар арасында электрондық құжаттармен алмасу.

**3.34 Құрылыс объектісін құру кезеңі (delivery phase)** – құрылыс құжаттамасын дайындауға және құрылысқа бағытталған іс-әрекеттерді қамтитын құрылыс объектісінің өмірлік циклінің кезеңі.

**3.35 Құрылыс объектісін пайдалану кезеңі (operational phase):** функционалдық мақсаты бойынша және бұрын берілген рұқсатта белгіленген қауіпсіздік деңгейіне сәйкес объектіні пайдалануға байланысты іс-әрекеттерді қамтитын құрылыс объектісінің өмірлік циклінің кезеңі.

**3.36 IFC (industry foundation classes):** ISO 16739:2013 сәйкес әртүрлі САПР жүйелері және құрылысты басқарудың өзге жүйелері арасындағы ақпаратпен алмасуға мүмкіндік беретін ашық және бейтарап файлды формат.

## **4 БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

**ҚООЦ:** Құрылыс объектісінің өмірлік циклі

**ҚОАМТ:** Құрылыс объектілерін ақпараттық модельдеу технологиясы

**КЖ:** Күнтізбелік жоспар

**AIM:** Asset information model (Активтердің ақпараттық моделі)

**AIR:** Asset information requirements, ақпараттық талаптар

**BIM:** Building information modeling (Ғимараттарды ақпараттық модельдеу)

**CDE:** Common data environment (Жалпы деректер ортасы)

**EIR:** Exchange/employer's information requirements (Жұмыс берушінің алмасуына / ақпаратына қойылатын талаптар)

**ERP:** Enterprise resource planning (Кәсіпорын ресурстарын жоспарлау)

**IFC:** Industry foundation classes (Салалық негіздер сыныптары)

**PIM:** Project information model (Жобаның ақпараттық моделі)

**ERPS:** Enterprise Resource Planning System (Кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жүйесі)

## **5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**5.1** Құрылыс объектісін құру кезеңінде графикалық, графикалық емес деректер мен құжаттарды қамтитын жобаның ақпараттық моделі (PIM) әзірленеді және пайдаланылады.

5.2 Құрылыс сатысында құрылысты жобалық дайындау сатысынан алынған жобаның ақпараттық моделі (PIM) құрылысты ұйымдастыру үшін пайдаланылады және құрылыс процесінде қалыптасатын қажетті ақпаратпен толықтырылады.

5.3 Құрылыс объектілерін ақпараттық үлгілеу технологиясын қолдану келесі процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді: жоспарлау, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру, мониторинг, сапаны, мерзімдерді, құрылыс құнын бақылау және т.б. (А-ҚОСЫМШАСЫ).

5.4 ҚОАМТ-ны қолдану үшін келесі компоненттердің болуы қажет: жалпы мәліметтер ортасы (CDE), тапсырыс берушінің ақпараттық талаптары (EIR), ұйымдастыру және ақпарат алмасу стандарттары.

5.5 Жобаның ақпараттық моделі (PIM) қолданыстағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-техникалық құжаттарға жауап беруі және бекітілген жобада қарастырылған көлемде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыру үшін жеткілікті ақпараттық негізді қамтамасыз етуі керек.

5.6 Жобаның ақпараттық моделінің құрамына (PIM), контейнерлерді атау ережелеріне, электрондық модельдерді қалыптастыруға қойылатын талаптар ҚОАМТ қолдануды регламенттейтін қолданыстағы нормативтік техникалық құжаттарда баяндалған.

## **6 ҚОАМТ БОЙЫНША ҰЙЫМ СТАНДАРТЫ**

### **6.1 ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАР**

6.1.1 Құрылыс ұйымының ҚОАМТ бойынша стандарты құрылыс ұйымында ақпараттық модельдеу технологиясын қолдану ережелерін белгілейді, сонымен қатар құрылыс сатысына қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесуді регламенттейді.

6.1.2 Стандартты құрылыс ұйымы дербес бекітеді және мердігерлік ұйымдарға қойылатын ақпараттық талаптардың құрамына енгізілуі мүмкін.

6.1.3 ҚОАМТ бойынша ұйым стандартын әзірлеу үшін қажет:

– пайдалану кезеңінде одан әрі пайдалану мақсатында құрылыс объектісі туралы ақпараттың құрамы мен мазмұны бойынша бірыңғай тәсілдер мен базалық талаптарды қамтамасыз ету;

– ақпараттық модельдеуді пайдалана отырып, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуді бақылау;

– деректер алмасу және жалпы деректер ортасында бірлескен жұмысты қамтамасыз ету (CDE);

– құрылыс объектісінің өмірлік циклінің құрылысы кезеңінде шешілетін басқа да мақсаттар мен міндеттер.

6.1.4 Құрылыс ұйымының ҚОАМТ бойынша стандарты келесі бөлімдерді қамтуы мүмкін:

- жалпы деректер ортасы;
- құрылысты ұйымдастыру;
- құрылысты жоспарлау;

- құрылыс мониторингі;
- құрылысқа бақылау жасау.

6.1.5 ҚОАМТ бойынша құрылыс ұйымының стандарты деректер құрылымы мен сәйкестендіргіштердің сипаттамасын, ақпарат алмасу ережесін, ақпарат алмасу үшін ақпараттың мазмұнын анықтауды, қажетті ақпаратты уақтылы беруді, сонымен қатар оны алмасу үшін форматты қамтиды.

## 6.2 ЖАЛПЫ ДЕРЕКТЕР ОРТАСЫ(CDE)

6.2.1 Жалпы деректер ортасы (CDE) құрылыс сатысында салынып жатқан объект туралы ақпаратты бірлесіп қалыптастыру және алмасу үшін қажет.

6.2.2 Жалпы деректер ортасын қолдану (CDE) шынайы және өзекті ақпаратпен алмасуға мүмкіндік береді.

6.2.3 Жалпы деректер ортасын (CDE) ұйымдастыру үшін техникалық шешімдер ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеу, құжаттарды іздеу және басқару сияқты функциялар болуы мүмкін.

Ескертпе - Жалпы деректер ортасын (CDE) ұйымдастырудың техникалық шешімі ҚР ҚБҚ 1.02-04-2018 «Құрылыстағы ақпараттық модельдеу. Негізгі ережелер» және ҚР БК 1.02-115-2018 «Құрылыс туралы ақпаратты бірлесіп құруды ұйымдастыру ережесі. Жалпы деректер ортасы» нормативтеріне сәйкес әртүрлі тәсілдермен іске асырылуы мүмкін.

6.2.4 Жалпы деректер ортасын (CDE) әзірлеу, баптау, басқару және қолдау бойынша жұмыстарды орындау үшін жауапты тұлға тағайындалады.

Ескертпе - Егер жоба бойынша жалпы деректер ортасын (CDE) басқару жөніндегі жауапты тұлғаны тапсырыс беруші тағайындаған жағдайда, онда бұл тапсырыс берушінің ақпараттық талаптарында (EIR) жазылуы керек.

6.2.5 Бұл бөлімде жалпы деректер ортасын (CDE) ұйымдастыру бойынша таңдалған БҚ немесе басқа да техникалық шешімдерге нақты талаптары, осы БҚ-дағы жұмыс процестеріне сипаттамасы, ҚОАМТ-ны пайдалану кезінде қажетті жабдықтардың (мысалы, компьютерлердің, серверлердің, планшеттердің, сканерлердің және т.б.) құрамы мен сипаттамаларының анықтамасы, функционалдық міндеттері мен рұқсат етілген құқықтары жазылуы қажет.

6.2.6 Жалпы деректер ортасындағы (CDE) ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету қажет. Ақпараттық қауіпсіздік бөлімдерге (PIM) рұқсат етілген құқықтарын шектеу және процеске қатысушыларды авторландыру жолымен қамтамасыз етіледі.

## 6.3 ҚҰРЫЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

6.3.1 ҚОАМТ бойынша ұйым стандартының құрамында жауапкершілік матрицасының үлгісін әзірлеу ұсынылады.

6.3.2 Жауапкершілік матрицасының үлгісі осы міндеттерге қатысты

орындаушылардың міндеттері мен функцияларының тізбесін қамтиды.

Ескертпе: Б-ҚОСЫМШАСЫ (анықтамалық) ақпаратты басқару бойынша жауапкершілік матрицасының үлгісін (Мысалын) қамтиды.

6.3.3 Құрылыс объектісінің электронды моделі ҚОЭМ (ЖӨЖ) әзірлеу кезінде өзекті деректер көзі ретінде пайдаланылады.

6.3.4 ҚОАМТ-ны пайдалана отырып жұмыс өндірісінің жобасын (ЖӨЖ) әзірлеу кезінде оған мынаны қосу ұсынылады:

- құрылыс объектісінің электрондық моделімен біріктірілген күнтізбелік жоспар;

Ескертпе - күнтізбелік жоспарды ықпалдастыру негізі ҚОЭМ болып табылатын сметалық құжаттама арқылы жүзеге асырылады. Күнтізбелік жоспарды қалыптастыру тәртібі құрылыс сатысында ақпараттық модельге қойылатын талаптарды сипаттайтын нормативтік техникалық құжатпен регламенттелген.

- құрылыс кезеңдері бойынша бөле отырып, электронды түрдегі құрылыс материалдары мен жабдықтарының жиынтық ведомостары;

- ҚҰЖ және негізгі міндетке қоса берілетін басқа да жұмыс құжаттары.

- құрылыс көлемімен анықталатын ресурстарды, жабдықтарды жеткізу, сонымен қатар қызметкерлер мен техниканы пайдалану туралы ақпарат.

- құрылыстың ерекше жағдайларын көрсету (мысалы, топырақтың қасиеттері, құрылыс ауданының сейсмикалығы, климат, құрылыс ауданының техногенді жағдайлары және т. б.).

6.3.5 Сметалық көрсеткіштерді арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, жұмыс көлемдерінің тізімдемесін қалыптастыру үшін негіз ретінде пайдалану ұсынылады.

6.3.6 Объектіні материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету мақсатында объектіге негізгі құрылыс конструкциялары мен материалдарының түсу кестесін және ҚОАМТ қолданумен негізгі құрылыс машиналары мен механизмдерінің жұмыс кестесін жасау ұсынылады.

6.3.7 ҚОАМТ-ны қолдану құрылыс алаңындағы процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді

6.3.8 Құрылыс конструкциялары мен бұйымдарына және материалдарына ҚОАМТ-ны қолдана отырып, қажетті ресурстарды жеткізуге арналған өтінімдерді қалыптастыру процесін уақыт пен конструкция элементтеріне байланыстыра отырып автоматтандыру ұсынылады.

6.3.9 Қажетті құрылыс конструкцияларын, материалдарын және бұйымдарын алған кезде тауар-көліктік электрондық жүк құжаттарға ЭЦҚ көмегімен қол қойылады және мұрағат және аудит мақсаттары үшін жалпы деректер ортасында (CDE) сақталады.

## **6.4 ҚҰРЫЛЫСТЫ МОНИТОРИНГЛЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ**

6.4.1 Құрылыс ұйымында электрондық құжат айналымын жүргізген кезде

журналдарды, есептер мен актілерді қоса алғанда, атқарушы құжаттама құрамындағы әрбір құжат құжаттың дұрыстығына жауапты тұлға ЭЦҚ-мен куәландырылуы керек.

6.4.2 Енгізілген деректер ақпаратты жалпы сақтау ортасында сақталуы және тексеру үшін қол жетімді болуы керек.

6.4.3 Нормативтермен белгіленген электрондық журналдарға кезеңділікпен құрылыс процестеріне үздіксіз бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін деректер енгізіледі.

6.4.4 Есептер мен актілер құрылыс объектісіндегі ағымдағы жағдайды бақылау және мониторингілеу үшін жалпы деректер ортасында (CDE) сақталады және жобаға қатысушыларға қол жетімді.

6.4.5 Объектіде құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу барысын белгілеу үшін, оның ішінде жауапты конструкциялар, тораптар және т.б. бойынша жұмыстарды қабылдау кезінде фото - және/немесе бейнетүсірілімді пайдалану ұсынылады. Фото - және бейнематериалдар атқарушылық құжаттаманың тиісті актілеріне қоса беріледі.

6.4.6 Негізгі құрылыс конструкциялары мен материалдарының келіп түсу кестесіне, сонымен қатар негізгі құрылыс машиналары мен механизмдерінің жұмыс кестесіне сәйкес материалдық-техникалық ресурстардың мониторингін жүзеге асыру ұсынылады.

6.4.7 Кіріс бақылау деректерін электрондық құжат айналымы жүйесіне материалдарды жеткізу, есептеу, сақтау және беру процестерін бақылау және мониторингілеу мүмкіндігімен енгізу ұсынылады.

6.4.8 Материалдар мен жабдықтардың төлқұжаттары туралы мәліметтер электрондық құжат айналымы жүйесіне енгізіледі және электрондық актілермен тіркеледі.

6.4.9 Материалдардың шығындары мен қалдықтары туралы деректерді жұмыстың жалпы журналының деректері негізінде қалыптастыру және электрондық құжат айналымы жүйесіне енгізу ұсынылады.

6.4.10 Өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды және кіріс бақылау нәтижелерін есепке алудың электрондық журналын толтыру жобаның басқа қатысушыларының бақылауы үшін жалпы деректер ортасында қолжетімді болуы керек.

6.4.11 ҚОАМТ қолдану арқылы операциялық бақылау ақаулардың фото - және бейне тіркеуі және оларды жою кезінде қашықтықтан бақылау жүргізуге мүмкіндік береді.

6.4.12 Операциялық бақылау барлық құрылыс және монтаждау процестері үшін электрондық құжат айналымы жүйесінде (мысалы, ERP-жүйесінде) автоматты түрде қалыптасатын жұмыстардың орындалуын операциялық бақылау схемалары бойынша жүргізіледі.

6.4.13 Өндірістік - техникалық бақылауды фото - және бейнетіркеу арқылы көзбен көрумен (визуалды) және аспаптық әдістермен жүзеге асыру ұсынылады. Фото - және бейнетіркеу материалдары электрондық құжат айналымы жүйесіндегі актілерге қоса беріледі.

6.4.14 Материалдар, конструкциялар, бұйымдар туралы барлық деректер, орындалған жұмыстардың сапасы бойынша ескертулер, жұмыстарды жүргізу әдістері, олардың басталуы мен орындалу барысы жобаның басқа қатысушылары үшін жалпы мәліметтер ортасында қол жетімді электрондық журналдарға енгізіледі.

## **6.5 ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ**

6.5.1 Қауіпсіздік тәуекелдерін болжау үшін ҚОЭМ пайдалану ұсынылады.

6.5.2 Жұмыстарды жүргізудің қауіпті аймақтарын анықтау және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау кезінде құрылыс алаңында кеңістіктік қақтығыстарды болдырмау үшін мамандандырылған БҚ-да күнтізбелік жоспарда жұмыстардың қауіпті түрлеріне байланыстыра отырып, ҚОЭМ пайдалануға жол беріледі.

6.5.3 Жобаның ақпараттық моделінің деректері (PIM) еңбекті оңтайландыру, инженерлік техникалық жұмысшыларға жүктеме мен ресурстардың шығынын бөлу, көлік пен құрылыс процестерінің жұмысын ұйымдастыру және бақылау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сенсорлар мен белгілер көмегімен деректерді жинаудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуде пайдаланылады.

## **7 АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ**

7.1 ҚОАМТ-ны қолдану арқылы салынып жатқан объектілер бойынша авторлық және техникалық қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

7.1.1 Жалпы деректер ортасын (CDE) ақпараттың жалғыз сенімді көзі ретінде пайдалану қажет.

7.1.2 Құрылысты бақылау үшін қадағалау органдарына жалпы деректер ортасында атқарушы құжаттарының шектеулі тізіміне ғана рұқсат беріледі.

7.1.3 Авторлық және техникалық қадағалауды жүзеге асыру үшін жұмыс сапасын бақылау туралы ақпаратты қамтитын жалпы деректер (CDE) ортасына рұқсат беру қажет:

- орындалатын жұмыстарды электрондық түрде операциялық бақылау схемалары;
- электрондық форматта жасырын жұмыстарды куәландырудың талап етілетін актілерінің тізбесі;
- материалдарды, конструктивтік элементтерді, температуралық-ылғалдық тәртіптерді зертханалық сынаумен жұмыс сапасын тексеру мерзімдері туралы нұсқаулар;
- жеке агрегаттар мен инженерлік жабдықтар жүйелерін сынау тәртібі;
- және нақты жобаның талаптарына сәйкес басқа да ақпараттар.

7.1.4 Қадағалау органдарының ескертулері журналдардың бөлімдерінде электрондық түрде, тексеру уақыты мен күнін көрсете отырып тіркеледі.

7.1.5 Әрбір ескертпеге авторлық және/немесе техникалық қадағалау өкілі ЭЦҚ (электрондық цифрлық қолтаңба) көмегімен қол қояды.

7.1.6 Авторлық және техникалық қадағалау ескертулерін тіркеу үшін фото және бейне түсіруді қолдану ұсынылады. Фото - және бейнетіркеу материалдары актілерге қоса беріледі.

7.1.7 Анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою бойынша ескертулер мен нұсқаулар жұмыстың жалпы журналына электрондық түрде енгізіледі.

7.2 Авторлық қадағалауды жүргізу үшін қашықтан бақылау жүйесін қолдану ұсынылады: бейнетіркегімдер, бейне көрсетілімдер, виртуалды виртуалды бару және құрылыс алаңын қадағалау мен мониторингілеудің өзге де жүйелері.

## 8 ҚҰРЫЛЫС САТЫСЫНДА АҚПАРАТТЫ БАСҚАРУ

8.1 Құрылыс өндірісін басқару жүйесі құрылыс процесінің барлық қатысушылары үшін ақпаратты пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек.

8.2 Объект құрылысы сатысында ақпаратты жинау, талдау, алмасу және сақтау үшін ақпаратты басқаруға жауапты тұлғаны тағайындау ұсынылады.

8.3 Объект құрылысы сатысында ақпаратты басқару міндеттеріне барлық мүдделі тараптар арасында өзекті ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ету, сонымен қатар құрылыс объектісінің өмірлік циклінің келесі кезеңіне ақпарат беру, жалпы деректер ортасында (CDE), пайдаланылатын бағдарламалық құралдарда жұмыс істеу кезінде қажетті рәсімдерді сақтау, тапсырыс берушінің ақпараттық талаптарын сақтау (EIR) және өмірлік циклдің осы сатысындағы өзге де міндеттерді шешу жатады.

8.4 Ақпарат алмасу құрылыс процесінің барлық қатысушылары арасында жүргізіледі:

- құрылыс ұйымының ішінде;
- құрылыс ұйымы мен сыртқы мүдделі тараптар арасында;
- құрылыс ұйымы мен қадағалау органдары немесе бірге жүретін тұлғалар арасында;
- құрылыс ұйымы мен тапсырыс беруші арасында;
- құрылыс ұйымы мен жобалау ұйымы арасында.

8.5 Ақпаратты басқаруға жауапты тұлға, бақылау мақсатында жобаның ақпараттық моделін (PIM) қалыптастыру процесінің бақылау нүктелерін анықтайды. Бақылау нүктелерін анықтау кезінде әртүрлі тәсілдерді қолдануға жол беріледі:

– құрылыс-монтаж жұмыстарының белгілі бір түрлерінің аяқталуына қарай (құрылыс конструкцияларын монтаждау, инженерлік жүйелерді монтаждау, әрлеу жұмыстары және басқа да жұмыс түрлері);

– есепті кезеңдер бойынша (апта, ай, тоқсан және т. б.);

– құрылыстың кезектілігі бойынша және т. б.

8.6 Құрылыс ұйымы ақпарат өндірісінің әдістері мен рәсімдерін анықтау қажет. Жобаның ақпараттық моделін (PIM) қалыптастырудың техникалық аспектілері құрылыс сатысында ақпараттық модельге қойылатын талаптарды регламенттейтін нормативтік құжатта қарастырылады.

8.7 Құрылыс объектісі туралы ақпаратты өндіру әдістері мен рәсімдеріне қойылатын талаптарды жасау кезінде келесі аспектілерді ескеру қажет:

- жаңа ақпаратты жасау, қарау және бекіту;
- ақпараттың қауіпсіздігі және таратылуы;
- тапсырыс берушіге ақпарат беру;
- ҚОАМТ қолдануымен ұқсас жобаларды іске асыру тәжірибесі.

8.8 Ақпаратты басқаруға жауапты тұлға жобаға қатысушылардың жалпы деректер ортасына (CDE) қол жеткізу құқықтарын шектеу арқылы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

## 9 ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1 Жоба бойынша құрылыс жұмыстарын бастамас бұрын жауапкершілік матрицасында құрылыс сатысында ақпаратты басқару жөніндегі орындаушылардың функциялары мен міндеттерін (жобаның ақпараттық моделін (PIM) қалыптастыру, жобаның ақпараттық моделі (PIM) деректерінің өзектілігін қамтамасыз ету, ақпарат алмасуды, қауіпсіз сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ету) құрылыс ұйымының ішінде де, қосалқы мердігерлерге қатысты да анықтау және белгілеу қажет. (Б-ҚОСЫМШАСЫ).

9.2 Жобаның қатысушылары арасында функцияларды бөлуді тапсырыс беруші анықтайды, жобада жауапкершілік матрицасын тапсырыс беруші тағайындаған құрылыс ұйымындағы жауапты тұлға қалыптастырады.

9.3 ҚОАМТ қолданумен іске асырылатын жобада келесі функцияларды орындау қажеттілігі туындауы мүмкін:

- ақпаратты басқару;
- техникалық қолдау.

9.4 Ақпаратты басқару функциясы стандарттар мен талаптардың (ҚОАМТ жөніндегі ұйым стандартының, тапсырыс берушінің ақпараттық талаптарының (EIR)) сақталуын бақылауды, жобаның ақпараттық моделінің (PIM) толықтырылуын және өзектілігін бақылауды, ақпаратты бекіту және келісу рәсімдерін сақтауды қамтиды.

9.5 Техникалық қолдау функциясы жалпы деректер (CDE) ортасында қол жеткізу құқығын шектеуді және қолжетімділікті қамтамасыз етуді, орындаушылар арасында деректерді алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етуді, әртүрлі БҚ мен т. б. арасында үйлесімділікті қамтамасыз етуді қамтиды.

## 10 ҚҰРЫЛЫС ОБЪЕКТІСІНІҢ АТҚАРУШЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ МОДЕЛІ (AS-BUILT MODEL)

10.1 Құрылыс объектісінің атқарушы электрондық моделі (as-built model) әр түрлі тәсілдермен құрылуы мүмкін:

- ҚОӨЦ алдыңғы сатысында әзірленген ҚОЭМ негізінде;
- лазерлік сканерлеу әдісімен;
- фотограмметрия әдісімен;
- электронды тахеометрмен түсіру негізінде (RTS);
- және басқа да тәсілдермен.

10.2 Құрылыс объектісінің атқарушы электрондық моделі (as-built) тапсырыс берушінің ақпараттық талаптарында (EIR) баяндалған талаптар негізінде қалыптастырылады.

Ескертпе - атқарушы электрондық модельге қойылатын талаптар құрылыс сатысында ақпараттық

модельдерге қойылатын талаптарды регламенттейтін ҚР ҚЖ-да сипатталған.

10.3 Атқарушылық құжаттама құрылыс объектісінің (as-built model) атқарушы электрондық моделін қалыптастыруға негіз болады.

10.4 Атқарушы электрондық модельді генерациялау (As-built model) геометриялық және атрибутивтік ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Атрибутивтік ақпарат элементтердің материалдары, отқа төзімділігі туралы ақпарат, өндірушінің ақпараты, материалдың көрінбейтін ішкі қабаттары (қабырға, едендер, шатырлар ішіндегі материалдар және т.б.) және құрылыс жүйелері туралы ақпаратты қамтиды.

10.5 Атқарушы электрондық модельді құру үшін (As-built model) ғимараттың геометриясын орнату және пішімдеу қажет, содан кейін генерациялау кезінде, қосымша атрибутивтік ақпаратты байланыстыру қажет.

## **11 ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ**

11.1 Пайдалануға беру актісіне қол қою рәсімін жүзеге асырғаннан кейін объектіні пайдалануға беру үшін қажетті нәтижелер:

- салынған құрылыс нысаны
- жобаның ақпараттық моделі (PIM), оның ішінде құрылыс объектісінің атқарушы электрондық моделі (as-built model).

11.2 Құрылыс объектісін пайдалану кезеңі үшін қажетті ақпарат жобаның ақпараттық моделінен (PIM) активтің ақпараттық моделіне (AIM) ауысады.

11.3 Пайдалану кезеңіне бұрын келісілген EIR форматтарда тиісті ақпарат, сонымен қатар құрылыс процесінде жоба авторлары оларға өзгерістер енгізген жағдайда құрылыс объектісінің электрондық модельдері (жобалық) берілуі мүмкін.

**А ҚОСЫМШАСЫ**

(анықтамалық)

**Құрылыс объектісінің өмірлік циклі сатыларында ҚОАМТ қолдану салалары**

№	ҚОАМТ қолдану салалары	Құрылыстың жобалау алдындағы дайындық сатысы	Құрылысты жобалық дайындау сатысы	Құрылыс сатысы	Пайдалану кезеңі
1	Қолданыстағы шарттарды модельдеу				
2	Құрылыс құнын бағалау				
3	Күнтізбелік жоспарлау				
4	Ғимаратты жергілікті жерге отырғызу				
5	Құрылыс алаңын талдау				

*Кестенің жалғасы*

6	Сәулет шешімін әзірлеу				
7	Жобаны әзірлеу				
8	Конструкцияларды есептеу				
9	Тұрақтылық				
10	Жобаны сараптау				
11	Мониторинг және бақылау				

Кестенің жалғасы

12	Құрылыс алаңын пайдалану				
13	Күрделі конструкциялар мен тораптарды салу				
14	Құрылыс конструкцияларын цифрлық дайындау				
15	Деректер жинау Ескертпе: құрылыс кезеңінде деректерді жинау атқарушы электрондық модельді қалыптастыру үшін жүзеге асырылады (as-built model)				
16	Активтерді басқару (алдын-алу)				
17	Қызмет көрсетуді жоспарлау				

*Кестенің соңы*

18	Жүйелерді талдау				
19	Кеңістікті басқару және мониторинг				
20	Табиғи апаттар.				

**Құрылыс сатысында ҚОАМТ қолдану салалары****Құрылыс сатысында қолданыстағы шарттарды моделдеу**

Процестің сипаттамасы:

Лазерлік сканерлеу және басқа да түсіру әдістері арқылы объектіде салынған объектінің

немесе нақты саланың атқарушы электрондық моделі (as-built model), бұл қалаулы және

ең тиімді болып табылатынына байланысты әзірленетін процесс.

Әлеуетті құндылығы:

- Пайдалану кезеңі үшін кіріс деректерін пайдалану.
- Атқарушы құжаттамасының дәлдігін арттыру
- Құрылыс алаңында орындалған жұмыстарды нақты ұсынуды қамтамасыз ету
- Визуализация мақсатында пайдалану
- Аяқталған жұмыстар үшін тексеру процесі ретінде пайдалану

Қажетті ресурстар

- Геодезиялық жабдықтар
- Үш өлшемді лазерлік сканерлеу үшін аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету
- Электрондық модельдерді әзірлеу үшін бағдарламалық қамтамасыз ету

Талап етілетін құзыреттер:

- Электрондық модельді қолдану және толықтыра білу.
- Үш өлшемді лазерлік сканерлеу құралдарын білу.
- Түсіру үшін баламалы құралдар мен жабдықтарды білу
- Үш өлшемді лазерлік сканерлеу және / немесе басқа да түсірілім деректері негізінде құрылыс объектісінің атқарушы электрондық моделін (as-built model) жасау мүмкіндігі

Алынатын ақпарат:

- Қолданыста бар ғимараттың нүктелерінің бұлты
- Құрылыс объектісінің қолданыстағы компоненттері туралы деректерді қоса алғанда, параметрлік модель

EIR анықталады:

- Атқарушылық электрондық модельді қалыптастыру кезіндегі рұқсаттарға қойылатын талаптар (as-built model)
- Түсіруге қойылатын талаптар (лазерлік сканерлеу, фотограмметрия және т. б.).

### **Құрылыс құнын бағалау**

Сипаттамасы

Құрылыс объектісін құру кезеңінде сандық көрсеткіштер мен шығындарды құруда көмек көрсету үшін ҚОАМТ пайдаланылуы мүмкін процесс. Бұл процесс жобаның өзгеруіне байланысты шығындарға әсерін өлшеуге және оған енгізілген өзгерістерге байланысты бюджеттің шамадан тыс шығыстарын қысқартуға көмектеседі.

Әлеуетті құндылығы

- Модельделетін конструкцияларды нақты сандық анықтау
- Құрылыс кезінде өзгерістерді қоса алғанда, құрылыс объектісінің барлық өмірлік циклі

ішінде тапсырыс берушіге құны туралы ақпарат беру.

Қажетті ресурстар:

- Модельдер негізінде сметаны қалыптастыру үшін бағдарламалық камтамасыз ету.
- Шығындар туралы деректер

Талап етілетін құзыреттер

- Модельдегі деректерге сәйкес шығындар жоспарын түзету қабілеті.

### **Күнтізбелік жоспарлау**

